


KZ

# gorenje

МҰЗДАТУ ШКАФЫН  
ПАЙДАЛАНУ ЖӘНІНДЕГІ  
ТОЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ



Бізге сенім білдіргенізге АЛФЫС АЙТЫП, жаңа аспап сатып алуыңызбен күттіктаймыз.

Аспапты барынша ыңғайлы және қарапайым қолдану үшін біз пайдалану жөніндегі толық нұсқаулықты дайындадық. Ол жаңа аспаппен жылдам танысып шығуға көмектеседі. Сондай-ақ жеке парапта аспапты орнату жөніндегі нұсқаулық ұсынылады.

Аспапты өз қажеттілігінізге қолдануыңызды тілейміз.

#### **Аспап үй шаруашылығында қолдануға арналған.**

**Мұздату шкафы** балғын өнімдерді мұздатуға және мұздатылған өнімдерді ұзақ уақыт бойы (бір жылға дейін, өнім түріне байланысты) сақтауға арналған.

Біздің сайтқа кірініз, мұнда шильдада немесе кепілдік талонында көрсетілген аспабыңыздың моделінің атасын көрсетіңіз, осылайша Сіз аспаптың толық сипаттамасын, қолдану, кәдеге жарату, ақауларды жою жөніндегі кеңестерді, сервистік ақпараттарды және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды аласыз.



<http://www.gorenje.ru>



Қауіпсіздік жөніндегі маңызды ескеरту



Ақпарат, кеңес



Коршаған ортаны қорғау



Үйдіс жуатын машинада жумаңыз

# МАЗМҰНЫ

<b>4 ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ</b>	KІРІСПЕ
4 АЛҒАШ ҚОДАНАР АЛДЫНДА 5 ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛАР 8 ДҮРІС ПАЙДАЛАНУ 9 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ	
<b>10 ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ҮНӘМДЕУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР</b>	
<b>11 ОРНАТУ ЖӘНЕ ЖАЛҒАУ</b>	АСПАПТЫ ҚОДАНУ
<b>13 АСПАП СИПАТТАМАСЫ</b>	
<b>14 АСПАПТЫ БАСҚАРУ</b>	
<b>18 АСПАП ЖАБДЫҚТАРЫ</b>	
<b>19 МҰЗДАТУ ЖӘНЕ МҰЗДАТЫЛҒАН ӨНІМДЕРДІ САҚТАУ</b>	ӨНІМДЕРДІ САҚТАУ ЖӘНЕ МҰЗДАТУ
19 Мұздату 20 Балын өнімерді мұздату жәніндеғі маңызыды ескертулер 20 Тағам өнімдерінің ластануының алдын алу 21 Өнеркәсіптік тәсілмен мұздатылған өнімдерді сақтау 21 Мұздатылған өнімдерді сактау мерзімі 21 Мұздатылған өнімдерді еріту	
<b>22 ЖІБІТУ</b>	АСПАПТЫ ЖІБІТУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ
<b>23 ТАЗАЛАУ</b>	
<b>24 АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ</b>	ҚОСЫМША АҚПАРАТ
<b>25 ШУ ДЕНГЕЙІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ</b>	

# ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

---



## АЛҒАШ ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА

Аспапты жалғар және қолданар алдында аспап сипаттамасынан және оны дұрыс әрі қауіпсіз қолдану жөніндегі нұсқаулардан тұратын нұсқалықтармен мүқият танысып шығыңыз. Нұсқаулық аспаптың бірнеше типі үшін әзірленген, сондықтан сіздің моделіңізде жоқ жабдық пен жекелеген функциялардың сипаттамаларынан тұруы мүмкін.

Одан әрі қолдану үшін нұсқаулықты сақтап қойыңыз. Сондай-ақ нұсқаулық жедеткішпен және автоматты ерітумен жабдықталған No Frost мұздату бөлігінің нұсқасын сипаттайды (кейбір модельдерде).

Аспапты қандай да бір бұзылуарсыз алғандығыныңды тексеріңіз. Бұзылуарды анықтаған кезде аспапты сатып алған сауда үйімінің хабарласыңыз.

Тасымалдаудан кейін электр желісіне жалғар алдында аспапты кемінде екі сағат вертикаль қүйде қалдырыңыз. Бұл тасымалдау кезінде салқыннату жүйесіне әсер етуі салдарынан аспап жұмысындағы ақаулардың алдын алуға көмектеседі.



## ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛАР

ЕСКЕРТУ! Өртену қауіпі бар/тез жанатын заттар.

Аспапты электр желісіне жалғау және жерге түйіктау қолданыстағы стандарттар мен ескертпелерге сәйкес орындалуы тиіс.

Ескерту! Аспап артына көп розеткалы ұзартқыштарды және тасымалданатын қорек көздерін орнатпаңыз.

Тазалауды бастамас бұрын аспапты электр желісінен міндетті түрде ажыратыңыз (байланыстыру кабелінің ашасын розеткасынан ажыратыңыз). Желіден ажырату кезінде ашадан ұстаңыз. Кабельден тартпаңыз!

Ескерту! Қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін байланыстыру кабелін ауыстыруды өндіруші, авторлық құқығы бар сервис орталығы немесе білікті маман ғана орындаі алады.

Ескерту! Аспапты орнату кезінде байланыстыру кабелінің қысылып қалмауын немесе бүлінбеуін қадағалаңыз.

Егер жарық диодты жарықтандыру жұмыс жасамаса, сервис орталығына хабарласыңыз. Жарық диодты жарықтандыруды өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз, бұл электр тоғынан зақым алуға алып келуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ! Аспап ішінде өндіруші рұқсат етпеген электрлік құрылғыларды қолданбаңыз.



ЕСКЕРТУ! Еріту үшін өндіруші ұсынбаған механикалық заттар мен тәсілдерді қолданбаңыз.



ЕСКЕРТУ! Аспаптың тұрақсыздығынан туындаған қауітердің алдын алу үшін оны орнату нұсқаулықтарға сәйкес орындалуы тиіс.

## **Үсіріп алу қауіп!**

Үсіріп алудың алдын алу үшін мұздатылған өнімдерге қолыңызды тигізбеніз және аузыңызға салмаңыз.

## **Адамдар мен балалардың қауіпсіздігі**

Аспап физикалық, сенсорлық және ақыл-ой қабілеттері шектелген немесе білімі немесе тәжірибесі жетіспейтін адамдардың (балаларды қоса) олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамдардың қарауымен немесе басшылығымен ғана қолдануына арналған.

Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз.

Балалар аспапты үлкендердің қадағалауымен ғана тазалай және қызмет көрсете алады!

Аспаптан қаптамасын алыңыз (қаптама аспапты және оның жекелеген компоненттерін тасымалдау кезінде қорғау үшін қолданылады), бұл ретте балалардың жақын жерде жүрмеуін қадағалаңыз. Жарақат алу немесе тұншығу қауіпі бар!

Қызметі ету мерзімі өткен бұйымды қолдануға жарамсыз ету қажет. Ол үшін аспапты электр желісінен ажыратыңыз, байланыстыру кабелін кесіп тастаңыз, аспаптың есігі мен ішіндегі қалған сөрелерін алып тастаңыз. Өйткені балалар аспап ішінде қалып қоюы мүмкін.

## **Еуропа стандарттарына жатады**

Аспапты 8 жастан асқан балалардың және физикалық, сенсорлық және ақыл-ой қабілеттері шектелген немесе білімі немесе тәжірибесі жетіспейтін адамдардың қандай да бір тұлғалардың қарауында болған немесе аспапты қауіпсіз қолдану жөніндегі нұсқауларды алған және оны пайдалануға байланысты қауіптерді түсінген жағдайларда ғана қолдануына болады.

Балаларға аспаппен ойнауға рұқсат етпеніз.

Балалар аспапты үлкендердің қадағалауымен ғана тазалай және қызмет көрсете алады!

З және 8 жас аралығындағы балаларға тоңазытқыш аспаптарға тағамдарды салуға және алуға рұқсат етіледі.

### **Хладагент туралы ескерту**

Бұл аспап қоршаған орта үшін қауіпсіз, бірақ жанғыш изобутан газының (R600a) аз ғана мөлшерінен тұрады. Салқындану контуры компоненттерінің бүлінбеуін қадағалаңыз. Хладагенттің ағы қоршаған ортаға қауіп төндірмейді, бірақ көздің жарақат алына немесе жануына алып келуі мүмкін!

Хладагенттің ағын анықтаған кезде бөлмені жақсылап желдетіңіз, аспапты электр желісінен ажыратыңыз және сервис орталығына хабарласыңыз!

# ДҮРІС ПАЙДАЛАНУ

Ескеरту! Аспап түрмистық және ұқсас жағдайларда қолдануға арналған, жекелегендегі:

- дүкендердегі, кеңселердегі асхана аймақтарында және басқа да өндірістік жағдайларда,
- ауыл шаруашылығы фермаларында, қонақүйлердегі, мотельдердегі және тұрғын үй түріндегі басқа да инфрақұрылымдағы тұрғындарға,
- ұйықтайтын және таңғы ас ішетін орындарда,
- қоғамдық тамактануды ұйымдастыру кезінде және бөлшек сауда қарастырылмаған басқа да ұқсас жағдайларда.

 ЕСКЕРТУ! Аспаптың және аспап кірістірілген асхана шкафының жедету саңылауларын бітеменіз; оларды таза күйде ұстаңыз.

Аспапты ашық кеңістікке орнатуға болмайды. Аспапқа жаңбыр тамшылары мен шашырандылары тимеуі тиіс.

Аспап ішінде жарылғыш заттарды, мысалы, қысыммен толтырылған баллондардағы жанатын газдарды сақтамаңыз.

Егер аспапты ұзақ уақыт бойы қолданбайтын болсаңыз, оны сөндіріп, байланыстыру кабелін розеткадан ажыратыңыз.

Тағамдарды алыңыз, аспапты ерітіңіз және тазалаңыз, есігін ашылған күйінде қалдырыңыз.

Ақаулар болған немесе электр энергиясын ажыратқан жағдайда тоңазытқышты 16 сағат бойы ашпаңыз. Егер осы уақыт ішінде ақау жойылмаса немесе электр энергиясын беру қалпына келтірілмесе, өнімдерді қолдану немесе басқа тоңазытқышқа немесе салқын жерге орналастырыңыз.

## **Техникалық деректер, аспап шильді**

Аспаптың негізгі деректері бар шильд аспап ішінде орналасқан және кернеу, брутто және нетто көлем, хладагент типі мен мөлшері, аспаптың климаттық класы туралы ақпараттардан тұрады. Берілген заттаңба өзініздің тілінізге сәйкес келмесе, оны жиынтықта ұсынылған басқасымен алмастырыңыз.



## **ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ**

Қаптама экологиялық таза материалдардан жасалған, оларды қоршаған ортаға зиян келтірмей қайта өндeуге, қалдықтарды сақтауға арналған арнайы полигондарда жинауға және кәдеге жаратуға болады.



**Қызметі ету мерзімі өткен аспапты кәдеге жарату**

Қызметі ету мерзімі өткен аспапты Қызметі ету мерзімі өткен аспаптарды бақылау пунктіне тапсырыңыз. Бұл ретте:

- аспапты электр желісінен ажыратыңыз және байланыстыру кабелін ажыратыңыз
- қызметі ету мерзімі өткен аспаппен балалардың ойнауына жол берменіз.



**ЕСКЕРТУ!** Аспапты орнату, тазалау және кәдеге жарату кезінде оқшаулағыштың және салқыннататын контурдың бүлінуіне жол берменіз. Бұл арқылы сіз қоршаған ортаға зиян келтірудің алдын аласыз.



**Бұйымдағы немесе оның қаптамасындағы символ оның тұрмыстық қалдықтар ретінде кәдеге жаратуға жатпайтындығын көрсетеді.** Бұйымды одан ары кәдеге жарату үшін электронды және электрлік жабдықтарды қабылдауға арналған тиісті орындарға тапсырган жөн.

Бұйымды кәдеге жарату ережелерін сақтай отырып, осы сияқты қалдықтарды тиісті түрде жоймау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын алуға көмектесе аласыз. Бұйымды кәдеге жарату туралы барынша толық ақпарат алу үшін жергілікті билік органдарына, қалдықтарды шығару және кәдеге жарату жөніндегі қызметке немесе бұйымды сатып алған дүкенге хабарласыңыз.



# ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ҮНЕМДЕУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР

- Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген орнату жөніндегі нұсқауларды орындаңыз.
- Есікті қажет болмagan кезде ашпаңыз.
- Аспап артындағы кедергісіз жедетуді әлсін-әлсін тексеріп тұрыңыз.
- Аспаптың артқы қабырғасындағы конденсаторды таза күйде ұстаныңыз («Тазалау» бөлімін қараңыз).
- Бүлінген немесе бүтін емес тығызыдағышты тез арада ауыстыру қажет.
- Өнімдерді жабық контейнерлерде немесе басқа да тиісті қалтамада сақтаңыз.
- Өнімдерді аспапқа салмас бұрын оны бөлме температурасына дейін салқынданып алыңыз.
- Мұздатылған өнімдерді тоңазытқыш бөлігінде ерітіңіз.
- Тоңазыту камерасының ішкі қолемін барынша қолдану үшін осы нұсқаулықта сипатталғандай жәшіктерді алып тастаңыз.
- Колмен жібітілетін тоңазыту бөлігін қалыңдығы 3-5 мм болатын қырау немесе мұз қабаты пайда болған кезде еріту ұсынылады.
- Сөрелерді бірдей арақашықтыққа орнату және тағамдарды ауа еркін айналатындағай етіп сақтау ұсынылады (осы нұсқаулықта берілген өнімдерді тарату жөніндегі ұсыныстарды орындаңыз).
- Желдеткішті тағамдармен бітепеніз!
- Желдеткіш пен ауа ионизаторын қажет болған кезде ғана қосыңыз, өйткені олар электр энергиясын қосымша тұтынады.

# ОРНАТУ ЖӘНЕ ЖАЛҒАУ

## БӨЛМЕНІ ТАНДАУ

- Аспапты құрғақ, жедетілетін бөлмеге орнатыңыз. Аспаптың дүрыс жұмыс жасауына арналған қоршаған ортаниң қол жетімді температурасы оның климаттық класына байланысты болады. Климаттық класс аспап шильдінде көрсетілген.

Наименование	Климаттық класс	Диапазон температур окружающей среды °C	Салыстырмалы ылғалдылық
Субнормальный	SN	от +10 до +32	≤ 75%
Нормальный	N	от +16 до +32	
Субтропический	ST	от +16 до +38	
Тропический	T	от +16 до +43	



- Аспап орнатылған бөлмедегі температура +5 °C-ден төмен түспеуі тиіс, ейткені бұл аспап жұмысындағы ақауларға немесе оның бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Орнатқаннан кейін аспаптың байланыстыру кабелінің ашасына еркін қатынау қамтамасыз етілуі тиіс.
- Аспапты жылу шығаратын құрылғыларға, мысалы, плиталарға, жылты радиаторларына, бойлерлерге, сонымен қатар күн сәулемі тікелей түсетін аймақтарға жақын орнатпаңыз. Аспаптан электрлік немесе газ плитаға дейінгі минималды арақашықтық 3 сантиметр, майлы пешке немесе қатты отынмен жұмыс жасайтын құрылғыға дейін 30 сантиметр. Егер аталған арақашықтықты ұстану мүмкін емес болса, арнайы оқшаулағыш панельді қолданыңыз.

**Ескеरту!** Аспапты кең бөлмеге орнатыңыз. Хладагентті 8 граммына бөлменің кемінде 1 м<sup>3</sup> талап етіледі. Хладагент мөлшері аспап шильдінде көрсетілген.

- Аспап кірістірілетін асхана шкафының түбінде салқыннататын аяу беріліп тұратын ауданы 200 см<sup>2</sup> кем емес саңылауды қарастыру қажет. Аяу сыртқа асхана шкафының жоғарғы бөлігі арқылы шығады, сондықтан жоғарғы жедету саңылауын бітеменіз. Осы шартты орындауда аспаптың сыйнуына алып келуі мүмкін.


### Ескерту!

Аспаптарды асхана жиһазына бір біріне тығыз кірістіру кезінде (side by side) әр аспап жеке асхана шкафына орнатылуы тиіс.

Конденсаттың пайда болуына қарсы жынтық және оны жалғауға арналған байланыстыру шнурын сатып алу қажет. Жынтықты жалғау үшін қосымша аша қажет болады.

**Қауіпсіздік мақсатында жынтықты орнатуды тек авторизацияланған қызмет көрсету шебері ғана орындаі алады!**

## ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ ЖАЛҒАУ




- Аспалты электр желісіне байланыстыры кабелінің көмегімен жалғаңыз. Қабырға розеткасы жерге тұйықтайдын контактқа ие болуы тиіс (жерге тұйықтайдын штепсельді розетка). Жалғар алдында зауыттық кестеде көрсетілген көрнеу мен жиіліктің желінің нақты параметрлеріне сәйкес келетіндігін тексеріп алу қажет.
- Аспалты электр желісіне жалғау және жерге тұйықтау қолданыстағы стандарттар мен ескертпелерге сәйкес орындалуы тиіс. Аспап номиналды көрнеудің  $-6\%$  -  $+6\%$  аралығындағы диапазондағы қысқа уақытқа ауытқуына шыдайды.

## ЕСІКТІ АШУ БАҒЫТЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ АСПАПТЫ АСХАНА ШКАФЫНА КІРІСТИРУ

Есіктерді ілу және асуынан шкафқа бұйымды кіріктіру үдерісі бөлек нұсқаулықта, құжаттар жинақтамасында көрсетілген.

# АСПАП СИПАТТАМАСЫ


Жабдықтама аспап моделіне байланысты болады.



- 1 Басқару панелі
- 2 Жарық диодты ішкі жарықтандыры
- 3 No Frost мұздату торабы (салындастаратын агрегат, жедеткіш)
- 4 Айқара ашылатын қақпағы бар сақтауға арналған бөлік
- 5 Қатыруға және сақтауға арналған жәшіктер
- 6 Қатыруға және сақтауға арналған ұсақ жәшік
- 7 Қатыруға және сақтауға арналған терең жәшік
- 8 Қатыруға және сақтауға арналған тар жәшік

- Жылжымалы жәшіктер құлап кетуден қорғалған. Жәшікті алу үшін оны шектегішке дейін тартып, алдынан көтеріп, шығарып алу қажет.

# АСПАПТЫ БАСҚАРУ



**A Аспапты қосу/сөндіру, температуралыңы және қосымша функцияларды орнату батырмасы**

**B Температура индикациясы**

Таңдалған температура жанады

**C «Жылдам мұздату» жұмысының индикациясы**

«Жылдам мұздату» қосылған кезде **C** индикаторы жанады.

**D Рұқсат етілген температурадан немесе есікті ашу уақытынан асып кету индикациясы**

Температура мен функцияны орнату үшін **A** батырмасын басыңыз. Бірінші басқан кезде ағымдағы мән немесе функция жыптылықтайды, одан ары басу мәндерді солдан онға қарай циклдік өзгертеңіз. Орнату кезінде таңдалған мән жыптылықтайды және егер батырманы баспасаңыз, үш секунд өткен соң аспап жадына сақталады. Тиісті индикатор жанады.

## АСПАПТЫ ҚОСУ ЖӘНЕ СӨНДІРУ



### Аспапты қосу

А батырмасын басыңыз және 3 секунд басылған күйінде ұстаңыз.


### Аспапты сөндіру

А батырмасын басыңыз және 3 секунд басылған күйінде ұстаңыз (аспап сөндірілді, бірақ кернеу бар).


## ТЕМПЕРАТУРАНЫ ОРНАТУ



- Аспап  $-18^{\circ}\text{C}$  орнатылған ұсынылатын температуралың жеткізіледі.
- Аспапты қосқан кезде тағайындалған температуралың жинау бірнеше сағат уақытты алуы мүмкін, сондықтан тағамдарды аспапқа салмаңыз.




- А батырмасын басып, қажетті температуралың орнатыңыз.
- Басқару панелінде қажетті мән жанғанға дейін А батырмасын басыңыз.
- Алғаш басқан кезде ағымдағы мән немесе функция жыптылықтайты, одан ары басу мәндерді солдан онға қарай циклдік өзгереді.
- Үш секунд өткен соң соңғы таңдалған мән жыптылықтауын тоқтатады және аспап жадында сақталады.



- 24, -22, -20, -18 және -16 сандары тоқазыту бөлігіндегі градус Цельсиймен ( $^{\circ}\text{C}$ ) ұсынылған температуралың білдіреді.
- Ұсынылатын температура  $-18^{\circ}\text{C}$ .

## ЖЫЛДАМ МҰЗДАТУ




«Жылдам мұздату» функциясын қосу үшін **C** индикаторы жаңғанға дейін **A** батырмасын басыңыз.



- «Жылдам мұздату» қосқан кезде аспап бірақ уақыт максималды қуатпен жұмыс жасайды және сондықтан дауысы бұрынғыдан қаттырақ болады.

- Тазалар алдында және тоңазытқышқа тағамдардың көп мөлшерін жүктегенге дейін 24 сағат бұрын аспапты алғаш қосқан кезде «Жылдам мұздату» функциясын қосыңыз.
- Егер «Жылдам мұздату» функциясының жұмысы барысында басқа функция орнатылатын болса, «Жылдам мұздату» функциясы автоматты түрде сөнеді.
- «Жылдам мұздату» функциясын сөндіру үшін **A** батырмасымен қажетті температураны (**B**) орнатыңыз. Егер функцияны қолмен сөндірмесе, ол шамамен екі күннен кейін автоматты түрде сөнеді, температура осыған дейін орнатылған мәнге оралады.
- Егер «Жылдам мұздату» функциясының жұмысы кезінде электр энергиясы сөндірілсе, онда электр энергиясын беру қалпына келтірілгеннен кейін функцияны орындау қайталанады.

## РҮҚСАТ ЕТИЛЕТИН ТЕМПЕРАТУРАДАН АСЫП КЕТУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТЕТИН СИГНАЛИЗАЦИЯ



Рүқсат етілген температурадан асып кеткен кезде аспалта үзік-үзік дыбысты сигнал қосылады және **D** индикаторы жыптылықтайды.

- Алғаш қосқан кезде ескерту сигнализациясының қажет болмаған кезде қосылуының алдын алу үшін оны 24 сағатқа кейінге қалдыру қарастырылды. Егер осы уақыт ішінде аспалтасты температура тағайындалған мәнге жетеді, дыбысты сигнал қосылады.
- Дыбысты сигнал **A** батырмасымен сөндіріледі. Егер сигнал сөндірілмесе, ол әр сағат сайын қайталанады және 5 минут бойы дыбыс береді.
- А батырмасын алғаш басу дыбысты сигналды сөндіреді, келесі басу температураны немесе функцияны ауыстырады.
- Аспалтағы температура тағамдардың бұзылу қауіпі болмайтын мәнге жеткен кезде **D** индикаторы жыптылықтайды.

## АШЫЛАЫП ТҮРФАН ЕСІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ СИГНАЛИЗАЦИЯСЫ



Егер аспалтың есігі екі минуттан артық уақытқа ашылаип тұrsa, үздіксіз дыбысты сигнал қосылады.

Дыбысты сигналды сөндірү үшін **A** батырмасын басыңыз немесе есікті жабыңыз.


# АСПАП ЖАБДЫҚТАРЫ

(\* МОДЕЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ)



## MultiBox\* ТАРТПАСЫ

- **MultiBox** тартпасы күшті әрі өткір ісі бар тағамдарды сақтау үшін ыңғайлы.
- Тартпаның тығыздап жабуды қамтамасыз ететін силикон қақпағы бар, ол тағамдарды кеүіп кетуден қорғайды және иісінің аспапқа таралып кетуінің алдын алады.
- Қақпақты жұмыртқаларды сақтау немесе мұзға арналған қалып ретінде қолдануға болмайды.



# **МҰЗДАТУ ЖӘНЕ МҰЗДАТЫЛҒАН ӨНІМДЕРДІ САҚТАУ**

---

## **МҰЗДАТУ**



Бір тәулікте мұздатуға болатын балғын өнімдердің максималды мөлшері аспаптың зауыттық жапсырмасында көрсетілген.  
Тағамдарды көп мөлшерде жүктеу мұздату сапасын нашарлатуға, сонымен қатар мұздатылған тағамдардың сапасын жоғалтып алуға алып келеді.

- Мұздату бөлігінің көлемін барынша тиімді қолдану үшін жәшіктерді алып, өнім қаптамаларын сөрелерге және мұздатқыштың түбіне орналастырыңыз.
- Балғын өнімдерді мұздатар алдында 24 сағат бұрын «Жылдам мұздату» функциясын қосыңыз:
  - **C** индикаторы жанғанға дейін **A** батырмасын басыңыз.

Осыдан кейін балғын өнімдерді қатыруға арналған жәшіктерге біркелкі таратып салыңыз.  
Әр жәшікке 4 килограммнан артық салуға болмайды.

Балғын өнімдер мұздатылып тұрған өнімдермен жана спауы тиіс.

- Балғын өнімдердің 2 кг дейінгі мөлшерін мұздату үшін «Жылдам мұздату» функциясын қолдану қажет емес.
- 24 сағаттан кейін тағамдарды басқа жәшіктерге таратуға және қажет болған кезде мұздату процесін қайталауға болады.

# БАЛҒЫН ӨНІМЕРДІ МҰЗДАТУ ЖӨНІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР



Мұздату үшін жарамды тағамдарды ғана мұздатыңыз. сапалы әрі балғын тағамдарды қолданыңыз.

Сәйкес келетін қаптаманы қолданыңыз және тағамдарды дұрыстап қаптаңыз.

Тағамдардың кеүіп қалуының және витаминдерді жоғалтуының алдын алу үшін қаптама ауа және ылғал өткізбеуі тиіс.

Қаптамада ішіндегі тағамдардың түрі мен мөлшерін, сонымен қатар мұздату күнін көрсетіңіз.

Өнімдердің барынша жылдам мұздатылуы аса маңызды. Сондықтан өнімдерді алдын ала салқындастып алып, шағын қаптамаларда мұздату үсынылады.

## ТАҒАМ ӨНІМДЕРІНІҢ ЛАСТАНУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Тағамдардың ластануының алдын алу үшін тәменде берілген нұсқауларды орындаңыз.

- Есікті ұзақ уақыт ашып тұру аспап бөліктеріндегі температураның айтарлықтай жоғарылауына алып келуі мүмкін.
- Тағам өнімдерімен және қолжетімді дренаж жүйелерімен байланыста болуы мүмкін беттерді жүйелі түрде тазалап отырыңыз.
- Егер аспап ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса, оны өшіріңіз, ерітіңіз, тазалаңыз, кептіріңіз және аспап ішінде зенінің пайда болуының алдын алу үшін есігін ашылған күйде қалдырыңыз.

# **ӨНЕРКӘСІПТІК ТӘСІЛМЕН МҰЗДАТЫЛҒАН ӨНІМДЕРДІ САҚТАУ**

- Өнімдерді дұрыс сақтау және қолдану жөніндегі өндіруші нұсқауларын орындаңыз. Қаптамада оларды сақтау мерзімі мен температурасы көрсетілген.
- Сатып алу кезінде қаптамасы бүлінбеген, мұздатқыштарда -18 °C аспайтын температурада сақталатын өнімдерді таңдаңыз.
- Қырау басқан өнімдерді сатып алмаңыз, өйткені олар бірнеше рет мұздатылған.
- Тасымалдау кезінде өнімдерді мұздаудан сақтандырыңыз, өйткені температураның хоғарылауы өнімдерді сақтау мерзімін қысқартады және сапасын нашарлатады.

## **МҰЗДАТЫЛҒАН ӨНІМДЕРДІ САҚТАУ МЕРЗІМІ**

### **ӨНІМДЕРДІ МҰЗДАТУ БӨЛІГІНДЕ САҚТАУДЫҢ ҰСЫНЫЛАТЫН МЕРЗІМДЕРІ**

<b>Өнімдер</b>	<b>Сақтау мерзімі</b>
Жемістер, сиыр еті	10 - 12 ай аралығында
Көкөністер, бұзау еті, тауық еті	8 - 10 ай аралығында
Жабайы құс еті	6 - 8 ай аралығында
Шошқа еті	4 - 6 ай аралығында
Тартылған ет	4 ай
Нан, пісірме, дайын тағамдар, майлы емес балық	3 ай
Ішек-карын	2 ай
Ықталған шұжық, майлы балық	1 ай

## **МҰЗДАТЫЛҒАН ӨНІМДЕРДІ ЕРІТУ**

Еріген немесе жібітілген өнімдерді барынша жылдам қолданған жөн. Суық өнімдерді «консервілейді», бірақ жібіткеннен кейін белсенді болатын және қысқа уақыт ішінде өнімді бұзатын микроорганизмдерді жоймайды.

Жартылай жібіту өнімдердің, соның ішінде көкөністердің, жемістердің және дайын тағамдардың тағамдық құндылығын төмендетеді.

## NO FROST МҰЗДАТУ БӨЛІГІН ЖІБІТУ

- No Frost мұздату бөлігін жібіту автоматты түрде жүреді. Әлсін-әлсін пайда болатын қырау уақыт өткен сайын автоматты түрде еріп, жоқ болып кетеді.
- Мұздатқыштың ішкі қабыргасында мұз берін қырау аспапты дұрыс пайдаланбау салдарынан шөгіп қалуы мүмкін (есікті жиі ашу, есік ұзақ уақыт бойы ашылған немесе нашар жабылған және т.б.). Бұл жағдайда тағамдарды тоңазытқыштан алып, еріп кеппей үшін оларды қоңыр салқын жерге қойыңыз. Аспаптың ішкі беттерін тазалап, кептіріңіз. Тағамдарды мұздатқышқа салмас бұрын аспапты қосыңыз және қажетті температураны орнатыңыз.

# ТАЗАЛАУ



**Тазалауды бастамас бұрын аспапты сөндіріңіз** («Аспапты қосу және сөндіру» бөлімін қараңыз) және байланыстыру кабелінің ашасын розеткадан ажыратыңыз.

- Аспаптың барлық беттерін тазалау үшін жұмсақ шуберекті қолданыңыз. Беттердің бүлінуінің алдын алу үшін абразивтік тазалау құралдарын және құрамында қышқыл мен еріткіштер бар тазалау құралдарын қолдануға болмайды!

Сыртқы беттерді сумен немесе сұйық жуу құралының әлсіз ертіндісімен тазалаңыз. Боялған және алюминий беттерді жұмсақ жуу құралы қосылған жылы сумен тазалауға болады. Спирт мөлшері көп емес тазалау құралдарын да (мысалы, әйнекке арналған тазалау құралдары) қолдануға рұқсат етіледі.


Пластик беттерді тазалау үшін құрамында спирт бар құралдарды қолдануға болмайды.



Аспаптардың ішкі беттерін біраз мөлшердеңі сірке қышқылы қосылған жылы сумен тазалаңыз.




- Аспаптың ішкі жабдықтарының бөлшектерін ыдыс жуу машинасында жумаңыз, өйткені бұл олардың бүлінуіне алып келуі мүмкін!



- Аспаптың артқы бетіндегі **конденсаторды** таза күйде ұстаңыз, шай мен асхана түтінінің шөгінділері болмауы тиіс. Конденсатордағы шаңды жұмсақ метал емес щеткамен немесе шаңсорғышпен тазалап отырыңыз.
- Тазалап болған соң аспапты электр желісіне жалғаңыз, қосыңыз және тағамдарды салыңыз.

# АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Ақаулық	Ықтимал себебі және жою
Аспап электр желісіне қосқаннан кейін жұмыс жасамайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Желілік розеткада кернеудің бар-жоғын, аспаптың қосылғандығын тексеріңіз.</li> </ul>
Компрессор ұзақ уақыт бойы үздіксіз жұмыс жасайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Бөлмедегі температура өте жоғары.</li> <li>Есікті өте жиі ашу немесе есік ұзақ уақыт бойы ашылып түрған.</li> <li>Есіктері тығыз жабылмаған (қандай да бір зат түрып қалған, есік жабылмай қалған болуы мүмкін, тығызыдағыштарын тексеріңіз және т.б.).</li> <li>Балғын өнімдер өте көп салынған.</li> <li>Компрессорды және конденсаторды салқындану жеткіліксіз. Аспаптың артындағы ауа айналымын тексеріңіз және конденсаторды тазалаңыз.</li> </ul>
Мұздату бөлігінің қабырғаларында қыраудың пайда болуы.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Есікті өте жиі ашу немесе есік ұзақ уақыт бойы ашылып түрған.</li> <li>Есік тығыз жабылмаған.</li> <li>Есік нығызыдағыш корпусқа нашар жабысып тұр. Егер нығызыдағыш ластанған немесе бүлінген болса, оны тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.</li> </ul>
Д индикаторы жыптылықтайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Есікті өте жиі ашу немесе есік ұзақ уақыт бойы ашылып түрған.</li> <li>Есіктері тығыз жабылмаған (қандай да бір зат түрып қалған, есік жабылмай қалған болуы мүмкін, тығызыдағыштарын тексеріңіз және т.б.).</li> <li>Электр энергиясы ұзақ уақыт бойы сөндірілген.</li> <li>Балғын өнімдер өте көп салынған.</li> </ul>
Есіктерін ашу қыын.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Егер мұздату бөлігінің жаңағана жабылған есігін ашқының келсе, оны ашу қыынға соғуы мүмкін. Есікті ашу кезінде аспаптан салқын ауа шығады, оның орнын бөлмeden берілетін жылы ауа басады. Осы ауа салқындаған кезде қосымша қысым пайда болады - есікті ашудың қыынға соғуының себебі осы. Бірнеше минут өткен соң қысым қалыптанып, есікті еш қыындықсыз ашуға болады.</li> </ul>
Жарық диодты жарықтандыру жұмыс жасамайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сервис орталығына хабарласыңыз.</li> <li>Жөндеуді өз бетінізше орындаңыз, өйткені бұл қысқаша түйіктауға себеп болуы мүмкін.</li> </ul>



Ақаулықты берілген ұсыныстарға сәйкес жою мүмкін емес болған кезде сервис орталығына хабарласыңыз. Хабарласқан кезде аспап ішіндегі шильдада көрсетілген аспап типін, моделін және сериялық нөмірін айтыңыз.

# ШУ ДЕНГЕЙІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Тоңазыту-мұздату аспаптарындағы тиісті климаттық жағдайларды компрессоры бар салқындану жүйесі қамтамасызы етеді (кейбір аспаптарда желдеткіш те болуы мүмкін). Компрессор жұмысы белгілі бір шу тудырады. Шу деңгейі аспапты орнатуға, дұрыс пайдалануға және қызмет ету мерзіміне байланысты болады.

- Аспапты қосқаннан кейін компрессор жұмысы (сүйіктық шуылы) немесе хладагент қозғалысынан туындағыны шуыл әдetteгіден қаттырақ болады. Бұл ақаулық белгісі болып табылмайды және аспаптың қызмет ету мерзіміне әсер етпейді. Уақыт өткен сайын аспап жұмысы кезіндегі шу деңгейі төмендейді.
- Кейде аспап жұмысы кезінде аспапқа тән емес әдetteгіден тыс немесе өте қатты шуыл пайда болады және ол дұрыс орнатпау салдары болып табылады:
  - Аспап қатты негізде тегіс және тұрақты тұруы тиіс;
  - Аспап көршілес тұрған заттар мен жиһаздардың қабырғасына тимеуі тиіс;
  - Ішкі жабдықтардың орнында тұрғандығын тексеріңіз. Темір банкалар, бөтелкелер, контейнерлер және басқа да ыдыстар бір біріне тиіп тұрған болуы мүмкін - оларды бір бірінен алыстатыңыз.
- Егер тоңазытқыш есігін жиі ашатын болсаңыз, оны ұзак уақыт бойы ашылған құйінде ұстап, балғын өнімдердің көп мөлшерін алыңыз немесе «Қарқынды салқындану» немесе «Жылдам мұздату» функциясын қоссаңыз, салқындану жүйесіне түсетін жүктеме артады және аспап бірақ уақыт бойы қатты дыбыс шығарып жұмыс жасауы мүмкін.

ӨНДІРУШІ АСПАПТЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫНА ӘСЕР ЕТПЕЙТИН  
ӨЗГЕРИСТЕР ЕҢГІЗУ ҚҰҚЫҒЫН ӨЗІНЕ ҚАЛДЫРАДЫ.





**EAC**



**625123**

FREEZER BI540 ADV

kk (01-21)